ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 25 ақпан

Отырысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер, отырысқа шақырылған лауазым иелері! Комитеттің кеңейтілген отырысын бастауға болады, қажетті кворум бар.

Күн тәртібі алдарыңызда. Қарсы болмасаңыздар, бастайық.

Күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мұхтар Абраруұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2019 жылы 15 сәуірде Ташкент қаласында Қазақстан мен Өзбекстан Сыртқы істер министрлері қол қойды.

Келісімді ратификациялау көші-қон ағындарын реттеу, азаматтық мәселелерін шешу және заңсыз көші-қон желілерін анықтау үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Осы келісім қос азаматтыққа және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жүргізуде ерекше орын алады және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Келісімге сәйкес Өзбекстан азаматтарының паспорттарын жолдау тәртібі реттелген.

Осылайша, қандастарға Өзбекстан елшілігіне барып паспорттарын тапсыруға және консулдық төлем төлеу қажет емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-бабы 3-тармағына сәйкес Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

Өзбекстан Республикасында да қос азаматтыққа жол берілмейді Өзбек тарапы келісімді ратификациялау тәртібін аяқтады.

Құрметті депутаттар! Заңды қабылдау азаматтық мәселелер бойынша ақпаратпен алмасу, қос азаматтық және заңсыз көші-қонға қарсы күресте туындаған мәселелерді реттеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік-

экономикалық, және құқықтық теріс салдарға әкеп соқпайды және қосымша қаражатты талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, Марат Шәдетханұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Бәрі түсінікті.

ТӨРАҒА. Онда мен бір-екі сұрақ қояйын.

Мұндай заң жобасы бізге керек, біз мұны түсінеміз. Біз барлық көршілерімізбен осындай келісімге келдік. Бұл Орталық Азиядағы елдердің арасындағы миграция байланысты көп мәселені шешеді.

Ал енді дәл осындай келісім шекара жағынан алғанда да, алыс-беріс жағынан алғанда да, экономикалық тұрғыдан алған кезде де біздің ең үлкен көршіміз Қытай Халық Республикасы. Осы елмен дәл осындай келісім жасау жоспарларыңызда бар ма, жоқ па? Осы мәселені айтып кетсеңіз.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мұхтар Абраруұлы, өте дұрыс айттыңыз. Біз осындай келісімнің 14-ін дайындадық, бесеуіне қол қойылды. Ол Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Әзірбайжанмен, Беларусьпен, ал тағы сегізі біздің контрагенттерімізде жатыр. Соның ішінде Қытай Халық Республикасы да бар.

Осы 2020 жылы Армения мемлекетімен келісімшартқа қол қою жоспарланып отыр, ал қалғандары өздерінің мемлекеттік рәсімдерін өткізіп жатыр. Кейін Ресеймен де, Қытаймен де осындай келісімшарттарға қол қоюға тырысып жатырмыз.

ТӨРАҒА. Дұрыс. Өйткені бұл екі елмен арадағы экономикалық қарым-қатынас алдағы жылдары өспесе төмендемейді. Келіп жатқан еңбек мигранттардың да жағдайы бізге белгілі, сондықтан бұл сіздің министрліктің назарында болады деп есептейміз.

Екінші бір сұрағым бар. Мен кейде ресми статистикаға көп сене бермеймін, дегенмен сол ресми статистикалық дерек бойынша өткен жылы біздің елімізге 6 миллионнан астам адам келген екен. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Шеттен келген адам шын ниетімен келетін болса қаражатпен келеді, осында келгеннен кейін оны пайдаланады, елдің экономикасына аздап болса да инвестиция салады. Бұл жақсы дерек.

Соның ішінде 2 миллион 504 мың адам немесе жалпы келген адамдардың 41 пайызы Өзбекстаннан келген екен. Қазір бұрынғыдай емес, сіздер не мақсатпен келді деп келген адамдарды сараптап отырасыздар ғой.

Сіздің деректеріңіз бойынша 2 миллион адамның 502117-і еңбек мигранттары ретінде келген және олар негізінен халық көп тұратын Алматы, Түркістан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларына келеді екен. Ал біздің қолымыздағы дерек бойынша (ол деректер сіздің қолыңызда да бар) Қазақстандағы ең жұмыс күші жетпей жатқан өңір, халықтың аз шоғырланған өңірі және тәуелсіздіктің 28 жылында Ресейге кетіп жатқан адамдардың ағыны азаймай тұрған өңір солтүстік өңірлер. Атап айтар

болсақ, Солтүстік Қазақстан облысы. Өткен жылғы сіздердің деректеріңіз бойынша бұл облыстағы халықтың саны көбеюдің орнына азая түсуде.

Осы келген еңбек мигранттарын ішкі еңбек нарығына қарай неге біз бөлмейміз, елдің қожайыны Қазақстан Республикасы ғой.

Қазақстан Республикасы сырттан келген еңбек мигранттарын келгеніңе рақмет, қай саланың маманысың деп (келген кезде мамандығы көрсетулі тұрады ғой) сұрау керек. Өзіміз әр шекарадан өткен кезде самолетте отырып-ақ карточка толтырамыз, сонда адам мамандығын жазады, қандай мақсатпен келгендігіңді жазасың.

Сөйтіп біз солтүстік облыстарға жіберсек көп мәселені шешер едік. Осымен айналысатын адам бар ма, жоқ па? Бұған сіздің министрліктің, егер залда болса Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілінің жауаптарын тыңдайын деп едім.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, қойған сұрағыңыз өте дұрыс. Шынында да көбінесе осы үш қалаға келеді. Ол Алматы, Нұр-Сұлтан және Түркістан облысы.

Бір жағынан не себепті екені түсінікті. Өзбекстаннан келген мигранттар көбінесе құрылыспен айналысады. Қазір Түркістан облысында үлкен құрылыс жүріп жатыр, сол себептен сол жерге жиналады. Екіншісі Нұр-Сұлтан, үшіншісі Алматыға ылғи құрылыс жағынан мамандар керек болып тұрады.

Сол себептен былтыр мигранттарға 502 мың рұқсат берілді. Бірақ оның барлығы 502 мың адамға берілмеген, оның арасында созғандары бар. Шамамен 380 мыңнан 400 мыңға дейін Өзбекстаннан келген азамат рұқсат алып жұмыс істеп жатыр.

Солтүстік облыстарға, басқа жерлерге жіберейін десең, біріншіден, ол жерге соншама құрылысшының керегі жоқ, екіншіден, акиматтардың өздерінің қоятын квоталары бар. Соған сәйкес кейде диспропорция болып тұр. Біз ондай зерттеулерді жүргізіп жатырмыз, Еңбек министрлігімен бірге қазір ісшараларды жүргізіп жатырмыз.

ТӨРАҒА. Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі не дейді?

Алдымен аты-жөніңізді, қызметіңізді айтыңыз.

РАЙҒАНИЕВ Е.Т. Комитет төрағасының орынбасары Райғаниев Ерлан Тельманұлы.

Мұхтар Абрарұлы, айтуыңыз дұрыс. Бірақ айтатын бір жай бар, бізде еңбек мигранттары екі түрге бөлінеді. Біріншісін жұмыс беруші тартады, екіншісін жеке шаруашылық, жеке тұлға тартады.

Мына айтылған 502 мың адам көбінесе жеке тұлғада жұмыс істейді, үйін салады, аспаздыққа тартады, бұлардың көбісі қысқа мерзімге тартады оларды.

Сондықтан айтып отырғаныңыз дұрыс. Біз сараптап қарап жатырмыз, олар көбінесе оңтүстік өңірлерде тартылады. Әрине, бұлардың арасында заң бұзушылық бар.

Біріншіден, жеке тұлғалар оларды өзінің жұмысына деп алады да, бірақ бизнес саласына тартады. Біз Ішкі істер министрлігімен бірге ондай заңнама бұзушылықты қарап, тиісті шара қолданамыз. Егер бір-екі мәрте болса, оларға айыппұл салынады, егер үш мәрте қайталанса, оларды елден шығарамыз.

ТӨРАҒА. Тағы бір сұрақ осыдан туындап отыр. Бұл осы саладағы коррупцияға байланысты деп айтуға болады. Бір кездері бізде алыс шетелдерден еңбек мигранттарын алу мәселесі болмайтын, өзімізде де қаржы болмады ол кезде. Қазір бізде бай адамдар шығып жатыр, олар алыс шетелден адамдар шақыртады. Мәселен, араб елдерінде Филиппиннен келіп қызмет істейді. Олардың ішінде медсестра болып істейтіндері де бар, няня болып істейтіндері де бар, аспазшы да бар.

Бізде басында бірлі-жарлы еді, қазір бізде де Филиппин жақтан келетіндер көбейді. Мысалы, соларға әртүрлі коррупциялық жолмен рұқсат алады, оны өйтіп-бүйтіп созатын еді. Қазір сіздер осыны ретке келтіріпсіздер. Менің қолымдағы дерек бойынша Қазақстанға бір жылға келіп жұмыс істеуіне 1200 доллардың мөлшерінде қаражат белгілегенсіздер. Меніңше, бұл қаражат көбірек болуы мүмкін, қаражат көбірек болған кезде адамда пиғыл өзгереді, 1200 доллар әжептәуір ақша екен, қалтама басып ала қойсам, сөйтіп мынаның қағазына қол қойып жіберсем деп кейбір адамдар жолдан тайып кетуі мүмкін. Оның ішінде сіздің әріптестеріңіз. Осының басқа елдердегі жағдайы қалай, 1200 долларды белгілейміз деп, сол түсетін ақшадан айырылып қалып жүрген жоқпыз ба, осы неге негізделген? Осыны айтып беріңізші.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сұрағыңызға рақмет. Жаңа айтылған мәселе бар, қазір бізге жұмысқа шетелдіктер де келіп жатыр.

Жұмысқа келген мигранттарды бұрынғы серый схемалармен пайдаланбау үшін 17 регионда арнайы 17 мамандандырылған орталық аштық (ЦОН). Сол жерде шетелден келген азаматтар біздің бүкіл заңнамалар бойынша, бізге керекті мамандар бойынша басқа саланың қызметкерлерінің консультация алып, төлемін төлейді. Ол жерде біздің саланың қызметкерлері қабылдамайды, ол жерде гражданский адамдар қабылдайды, сол жерде сондай қызмет алады. Сол себепті бізде мәселе бұрынғыға қарағанда реттелді. Қазір Өзбекстаннан келген 500 мыңнан астам адам сондай орталықтан өтіп отыр, бұрынғы кезде тығылып жалданатын.

ТӨРАҒА. Оның бәрі қалтаға кететін.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Екіншіден, шекарадан өткенде арнайы памятка беріп біздің мемлекеттің заңнамасын шетелдіктерге түсіндіріп жатырмыз. Әрине, кейбір мәселелердің болуы мүмкін, бірақ оның бәрін біз бетін аштық.

ТӨРАҒА. Ақшаны кім белгілейді, сіздер ме, әлде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ме?

РАЙҒАНИЕВ Е.Т. Бұл Үкіметтің қаулысымен бекітілген, келген шетел азаматының квалификациясы төмен болса, соғұрлым олар көп төлейді. Бірінші, екінші санаттағылар өте жоғары білімді мамандар деп

саналады. Оларға 137 айлық есептік көрсеткіш салығы бекітілген, ал сіз айтып тұрғандай, фитнеске, тағы басқасына тартылатын азаматтар маусымдық деп саналады. Оларға 250 айлық есептік көрсеткіш белгіленген.

ТӨРАҒА. Мен осы тарификацияны білейін деп едім, онда дұрыс екен. Мысалы, зәру мамандықты, цифрлық технологияны алайық, олар қазір көп саладан алға жылжып кеткен. Тіпті Малайзияның өзінің бізден әлдеқайда алға жылжып кеткен жағдайлары бар. Осындай цифрлық технология бойынша, не болмаса дифицитный мамандықтар бойынша келіп жатқан адамдарға өкіртіп төлем төлеткізетін болсақ, ол екінші жолы бізге келмей қоюы мүмкін. Ал өзімізде қаптап жүрген адамдар болса, оларға жоғарырақ белгілеуге болады деп есептеймін.

Депутат Қайрат Пернешұлы.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Біз еңбек нарығын реттеуіміз керек. Сіздер байқасаңыздар, соңғы 10 жылдықта солтүстік өңірлерде жол салып жатқан армян ұлтының өкілдері (Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды). Сонымен қатар олар әрқашан Армениянның жұмыскерлерін тартуда.

Жол салу бір жағынан сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар жер, сондықтан ол өте үлкен қаржы көзі болып табылады. Онда өзіміздің жұмыскерлер немесе өзіміздің фирмалар да жұмыс жасауы мүмкін.

Бүгін біз көріп отырмыз, сол республиканың азаматтары толығымен ығыстырып отыр. Соған кішкене көңіл бөлу керек.

Екіншіден, цифрлық технология. Біздің білімді де талантты қазақ жастары көп қой, бірақта Украинада үлкен жол ашылған. Солардың смарткомпаниялары, технологиялары сол нарықты алып отыр. Кішкене соған көңіл бөлу керек, сіздер қараңыздар жақсылап.

Ешнәрсе айтқым келмейді, бірақта олардың бәрі жоғары дәрежедегі жұмыскерлер емес, ондай фирмалар өзімізде де жетеді. Оған сіздердің саясаттарыңыз әсерін тигізгені дұрыс деп ойлаймыз. Өткен жылғы Қарағандыдағы жағдайды да білесіздер. Осындай ұсыныс.

МИКРОФОН ӨШІРУЛІ.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Құрметті депутаттар, шақырылған лауазым иелері! «Қазақстан 2030» стратегиялық дамуындағы ұзақ мерзімді, басымды бағыттарының бірі мықты демография және көші-қон саясаты болып саналады. Осы бағытты орындау мақсатында көші-қонды қадағалайтын нақты жүйе құрылып, халықаралық стандарттарға сай ұлттық заңдар қабылданды және шет мемлекет азаматтарының біздің елде болуына барынша қолайлы жағдайлар қарастырылды.

Заңсыз көші-қон мәселесін реттеуде ең басты міндеттің бірі адам құқықтарын және мемлекеттің тәуелсіздігін қорғау және қамтамасыз ету.

Қазіргі таңдағы көші-қон саясаты туризмді дамытуға, шетел азаматтарын жұмысқа алуға, қандастарымыздың елге оралуына мүмкіндік беріп отыр.

Ал бүгінгі шарт Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы заңсыз көші-қон мәселесін ғана емес, оның алдын алу шараларын жүргізу бойынша ынтымақтастықты нығайтуға бағытталып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанға жылына 2 миллионға жуық Өзбекстан азаматтары келеді екен. Соның 10-15 мыңы жыл сайын Қазақстан азаматтығын алып отыр.

Бұл азаматтардың көбінің келу мақсаттары барлығымызға белгілі. Олар еңбек мигранттары. Олардың бірі заңды, бірі заңсыз жұмыс жасап жүргендері де белгілі. Ең алдымен мұндай мигранттардың көбеюі мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне, экономикасына тікелей ықпал еткендіктен ұсынылып отырған шарт осы мәселерді бақылауға алып, реттеуге мүмкіндік береді.

Кеше заң жобасы бойынша жұмыс тобы өтті. Комитеттерден ескертпелер келіп түскен жоқ, тек шарттың қазақша мәтініне бір ескертпе болды. Ол бойынша Сыртқы істер министрлігі нота жазып екінші тарапқа жіберген болатын.

Сонымен қатар жұмыс тобында Қазақстан территориясына келген Өзбекстан азаматтарын, оның ішінде еңбек мигранттарын бақылауда ұстау мәселесі, заңсыз миграцияға қарсы күрес саласында ғылыми зерттеулерді жүргізуге Қазақстанның мүмкіншілігі және дайындығы сөз болды.

Бұл заң жобасы екі ел арасындағы заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл саласында әріптестік қатынастарды дамыту және нығайту үшін маңызды құжат болып табылады.

Келісімді ратификациялау ішкі заңнамаға қайшы келмейтіндігін ескере отырып сіздерден заң жобасын қолдап, Сенаттың жалпы отырысында қарауды ұсынамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Дана Өмірбайқызына қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Бәрі дұрыс, Дана Өмірбайқызына рақметімізді айтамыз. Өйткені мәтінмен өте жақсы жұмыс істелді, қазақша мәтіндегі жіберілген кейбір жаңсақтықтарға назар аударылып, тиісті дипломатиялық арналармен келісім жүргізіліп жатыр. Сол үшін сізге рақмет.

Заң жобасын қолдап, Сенаттың жалпы отырысына шығару жөнінде ұсыныс түсті. Қарсы емессіздер ме?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдап, бұл заң жобасын Сенаттың жалпы отырысына шығарамыз. 12 наурызда министр баяндама жасау керек.

Марат Шәдетханұлы, сіз басшыңызға айтып, комитеттерде көтерілген сұрақтардан жүйе жасап (олар үлкен отырыста да қойылуы мүмкін), жақсылап дайындалып келсін деп сәлем айтыңыз. Келгендеріңізге рақмет.

Бірінші мәселе бойынша отырысты жабық деп жариялаймын. Шақырылғандарға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы	М. Құл-Мұхаммед
ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры	А. Құсайынов
ОРЫНДАҒАН: Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы	И. Шыныбаева